

Жеңіл өнеркәсіпті дамыту бойынша секторлық бағдарламаны іске асыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 2 желтоқсан N 1460

"Жеңіл өнеркәсіп" секторлық бағдарламасының іске асуын қарастыратын "Қазақстан бойынша донор-елдер Консультативтік топтарының кеңесін өткізу мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 мамырдағы N 608 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік инвестициялық басымдықтар бағдарламасына сәйкес, сондай-ақ дамуға ресми көмек шеңберінде Герман Федеративтік Республикасы Үкіметінің жеңілдікті кредитін уақытында игеру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Аққу", "Надежда" және "Жамбылкожобув" акционерлік қоғамдары жобаларын қаржыландыру үшін іс жүзінде 2,4 млн (екі млн. төрт жүз мың) неміс маркасы мөлшерінде игерілген қаржыға Герман Федеративтік Республикасының қалпына келтіру жөніндегі кредиттік ведомствосы (KFW) мен "Легпром" акционерлік қоғамымен бірлесе отырып жасалған Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банк арасындағы 1995 жылғы 7 желтоқсандағы кредиттік келісім ма қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі, "Легпром" акционерлік қоғамы 1995 жылғы 7 желтоқсандағы KFW-мен кредиттік келісімді өзгерту туралы Шартқа қол қойсын.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі 2,6 млн (екі миллион алты жүз мың) неміс маркасы мөлшеріндегі KFW кредитінің қалған, игерілмеген бөлігін толықтыру мақсатында жобаларды сарапқа салу мен іріктеуді жүзеге асырады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі осы қаулының 2-тармағында көрсетілген Шарттың талаптарымен өзінің келіскенін KFW-ге хабарласын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі